

Р.Ж. Қияқова¹, А.М. Қорғау¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІНДЕГІ АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Сөйлем – коммуникацияның негізгі құралы. Сөйлемнің ерекше түрінің бірі – атаулы сөйлем. Атаулы сөйлем – ойды ықшам, әрі нақты жеткізетін сөйлем түрі. Атаулы сөйлемдер күнделікті сөйлеу барысында жиі қолданылады. Олар жағдайды, кеңістікті, уақытты немесе белгілі бір құбылысты қысқа әрі нақты сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл сөйлеу процесін жеңілдетіп, қарым-қатынасты жылдам әрі тиімді етеді. Сондықтан да оның ауызекі сөйлеу тіліндегі қызметін зерттеу қазіргі тіл білімінде маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Көркем шығармада ауызекі сөйлеу стилі диалог арқылы берілетіні белгілі. Көркем әдебиеттегі диалог – кейіпкерлердің арасындағы қарым-қатынастың, оқиганың дамуын және автордың идеялық тұжырымын жеткізудің маңызды құралы. Ол шығарманың көркемдік деңгейін арттырып, оқырманға кейіпкерлердің мінезін, сезімін және дүниетанымын тереңірек түсінуге көмектеседі. Диалог арқылы кейіпкердің мінез-құлқы, ойлау жүйесі, эмоционалдық жағдайы көрінеді. Әр кейіпкердің сөйлеу мәнері оның әлеуметтік жағдайын, мәдени деңгейін, жасы мен өмірлік тәжірибесін сипаттайды. Көркем шығармадағы диалогтардың осындай қасиеттерін танытуда атаулы сөйлемдер қолданылады.

Мақалада атаулы сөйлемдердің ауызекі сөйлеу стиліндегі рөлі мен қолданылу ерекшеліктері анықталды, мағыналық реңктері талданып, олардың функционалдық маңызы сипатталды. Олардың экспрессивтілікті, эмоцияны білдіру және ақпаратты қысқа әрі нақты жеткізудегі маңызы қарастырылды. Көркем шығармадан алынған диалогтарға талдау жасалынып, олардың мағыналық реңктері, ауызекі сөйлеу тіліндегі орны сипатталды.

Кілт сөздер: ауызекі сөйлеу стилі, атаулы сөйлем, эмоциялдылық, бейнелілік, коммуникация, экспрессивтілік, диалог, контекстік коммуникация.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулердің антропоэлекті бағытта дамуы синтаксис саласын зерттеудегі жаңа ғылыми жаңалықтардың ашылуына алып келді. Синтаксис саласының негізгі зерттеу объектісі – сөйлем. Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы сөйлемнің негізгі басты сипатын танытатын құнды пікір қалдырған: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой, ... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [1, 263-264]. Бұл пікір өз құндылығын жоймайтын, сөйлемнің негізгі мақсатын танытатын пікір. Сөйлемнің негізгі басты белгілерінің бірі ол қарым-қатынасты жүзеге асыру. Алғаш тілімізде назар аударуды қажет ететін, қарым-қанысқа негіз болатын синтаксистік құрылымдардың бар екендігін көрсеткен – академик Қ. Жұбанов. Ғалым: «Ауызекі сөз ұзақ әңгіме де, баяндама да, немесе бір ауыз сөз болуы да, тіпті бір ғана дыбыс болуы да мүмкін» [2, 146-147], – деп ойдың бір сөз арқылы да немесе дыбыс арқылы беріле алатындығын айтады. Бұл пікірді басқа да қазақ тілі білімнің синтаксис саласын зерттеуші ғалымдар жалғастырады. Оны ғалым М. Балақаевтың мына пікірінен аңғарамыз: «Тіл – қарым-қатынас жасаудың құралы да, сөйлем – сол қарым-қатынас жасауда кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Кісінің ойы әр алуан, әр қилы болғандықтан, соларды айту үшін

жұмсалатын сөйлемдер, олардың құрамы да түрлі-түрлі болады. Кейде бір сөз бір сөйлем қызметінде жұмсалса (Түн. – Аттан! Масқара! – Көрдің бе? – Көрдім), кейде екі не одан да көп сөздерді, сөз тіркестерін құрастыру арқылы сөйлем жасалады» [3, 104]. Сөйлемнің ерекше белгілеріне тоқталады. Алғашқы кезеңдерде атаулы сөйлемдерді зерттеу жалпы оның негізгі белгілерін анықтау, анықтамасын нақтылау сияқты мәселелерді қамтыды. Алғаш қазақ тіл білімінде атаулы сөйлем ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» еңбегінде сөз болды. Ғалым атаулы сөйлемдерді «іргелес сөйлемдер» деп атап, мынадай мысалдар келтірген: *Күн ашық. Ат болдырды, ел көрінбеді. Үлесіме – үш үйрек* [1, 300].

Бұдан соң атаулы сөйлем жай сөйлемнің бір түрі ретінде С. Жиенбаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Т. Сайрамбаев, М. Серғалиев тағы да басқа тілші ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Ғалымдар атаулы сөйлемдердің қарым-қатынасқа негіз бола алмайтын, таза стилистикалық қызмет атқаратын сөйлемдер деп алғашқы ғылыми пікірлер білдірген болатын. Ал қазіргі таңда қазақ тіл білімінде атаулы сөйлемдерді жан-жақты зерттеп, жаңа қырларын танытып зерттеу жүргізген ғалымдар — Р. Әміров, Ж. Жакупов, Ж. Ибрагимова. Жай сөйлем синтаксисін зерттеген ғалым — Р. Әміров өз еңбегінде атаулы сөйлемнің түрлерін, жасалу жолын көрсеткен. Ал, профессор Ж. Жакупов Ж. Ибрагимова атаулы сөйлемдерді «Мүшеленбейтін сөйлемдер» деген атаумен атап, атаулы сөйлемнің жаңа қырларына тоқталған. Ғалым тілде екі құрамды, бір құрамды сөйлемдерден бөлек мүшеленбейтін сөйлемдер – ерекше құрылымдар бар екендігін айтады. Өз зерттеуінде мазмұны ғана емес, құрамы да өзгеше, жаңа сөйлемнің бір түрін – мүшеленбейтін сөйлемдер деп атап, оны өз ішінен бірнеше түрге жіктейді. Атаулы сөйлемді мүшеленбейтін сөйлем деп қарастырып, сөйлемнің коммуникациядағы рөліне талдау жүргізген. Ғалым атаулы сөйлемнің сөйлеу тілінде қалай пайда болатындығы жайлы және оның маңызына төмендегідей дәлел келтіреді: «... Біріншіден, қарым-қатынас үстінде оқиғадағы, іс-әрекеттегі адамның көңіл-күйіне тікелей байланысты әртүрлі қосымша эмоционалды-экспрессивті реңкті бойына жинақтаған қысқа да дәл сөздер тез арада ойға оралады.

Екіншіден, мүшеленбейтін сөйлемдер үнемі қолданылатын, айтушыға да, тыңдаушыға да түсінікті этикеттік-прагматикалық қасиеттегі сөздер негізінен туындайды. Дайын қалпында үнемі қолданылатын бұл бірліктер қарым-қатынас жасаудың универсалды құралы болып табылады, яғни бұл бір жағынан қолданылу аясына қарай үнемді екінші жағынан сөйлеу үлгісіндегі сол кездегі жағдаяттың үстінде ғана қолданылатын қысқа да нұсқа сөйлеу үлгісі болып табылады. Біздің аңғаруымызша, бұл – диалогтік сөйлеудің бір ерекшелігі болып табылатын үнемдеу заңдылығының тағы бір көрінісі» [4, 7-8]. Бұл пікір арқылы атаулы сөйлемнің ауызекі сөйлеу тіліндегі, яғни қарым-қатынастағы негізгі рөлі ашыла түскендігін байқаймыз. Жұмысымыздың барсында осы пікірді негізге аламыз және атаулы сөйлемнің жасалу жолдарына тоқталамыз.

КІРІСПЕ

Қазақ тілінің ауызекі сөйлеу стилі қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде ықшамдылық пен бейнелілікке негізделеді. Бұл стильдің ерекшелігі — ойды қарапайым, нақты, әрі эмоционалды түрде жеткізу. Ауызекі сөйлеу тілде адамдар күнделікті өмірдің түрлі жағдайларын тез түсіндіріп, өзара түсінісуге бейім. Осындай мақсатта қолданылатын ерекше синтаксистік құрылымдардың бірі — атаулы сөйлемдер.

Атаулы сөйлемдер көбінесе затты немесе құбылысты нақтылап атап көрсетеді. Олар белгілі бір жағдайды сипаттап қана қоймай, тыңдаушыға қажетті әсер қалдыру арқылы эмоционалдық мән береді. Бұл сөйлемдер сөйлеу барысындағы бейнелілік пен динамиканы арттыруға, сөзді үнемдеп қолдануға және әңгімені жандандыруға мүмкіндік береді. Орыс тіл ғылымында синтаксистік бірліктердің стилдік қызметі жайлы ғалымдар М.Н. Кожина, Л.Р. Дускаева В.А. Салимовский еңбегінде былай делінген: «...Сонымен бірге, синтаксистің ойдың ең нәзік реңктерін жеткізу қабілеті арқылы үлкен стилистикалық мүмкіндіктерге ие

екендігі әділ саналады», ал соның ішінде ауызекі сөйлеу тіліндегі синтаксистік бірліктердің қызметін былайша түсіндіреді: «Ауызекі сөйлеу стиліне тән синтаксис ерекше сипатқа ие. Дәл осы жерде сөйлемнің эллипсистенуі, сондай-ақ эмоционалдылығы мен экспрессивтілігі айқын көрінеді. Бұл инфинитивті және толымсыз сөйлемдердің әртүрлі мағыналық реңктерінің жиі қолданылуынан байқалады (Жә, жетер! Тамаша! Үндеме!)» [5, 261,437]. Соңғы пікірден ғалымдардың ауызекі сөйлеу тілінде синтаксистік бірліктердің ішінде атаулы сөйлемдерді мысал ретінде келтіріп, олардың стилистикалық қызметінің маңызын көрсеткен. ғалым Ғ.Қалиевтің сөздігінде ауызекі сөйлеу тілі – адамдардың күнделікті тұрмыста, бейресми жағдайда өзара тікелей қатынас жасауына негіз болатын тілдік жүйе ретінде сипатталады. Бұл тілдік түр әдеби тілдің функционалды стильдерінің бірі. Ғалымның айтуынша, ауызекі сөйлеу тілі алдын ала дайындықсыз қалыптасып, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында бетпе-бет, қарым-қатынас жасау барысында туындайды. Сөйлесу кезінде тақырып жиі өзгереді. Сөйлеуде әдеби тіл нормасынан ауытқитын қарапайым сөздер, жергілікті диалектизмдер, варваризмдер, тұрмыстық лексика, тіпті дәрекі сөздер де кездеседі. Сонымен қатар, сөйлеудің мазмұны мен әсерін күшейту үшін түрлі ишаралар – бет-әлпет, қол қимылы және интонациялық реңктер қолданылады [8, 39-40].

Жалпы ауызекі сөйлеу стилінің өзіне тән мынадай ерекшеліктері бар, сол белгілеріне қарап атаулы сөйлемнің осы өзгешеліктерін қамтамасыз ете алатындығын анықтауға болады.

Ауызекі сөйлеу стилінің негізгі ерекшеліктері:

1. Еркіндік және бейресмилік. Ауызекі сөйлеу стилі ресми стильдерге қарағанда еркін әрі бейресми болады. Сөйлеуші өз ойын еркін жеткізеді, синтаксистік құрылымдарға қатаң бағынбайды;

2. Қысқа және қарапайым сөйлемдер. Ауызекі тілде сөйлемдер көбіне қысқа, ықшам келеді. Күрделі құрылымдар сирек кездеседі, ой қарапайым әрі түсінікті беріледі;

3. Эмоция мен экспрессивтілік. Бұл стильдің тағы бір ерекшелігі – эмоционалдылығы. Сөйлеуші дауыс ырғағы, екпін, қимыл-қозғалыс арқылы өз сезімін білдіреді. Қуану, таңдану, ашулану сияқты эмоциялар интонациямен және одағай сөздермен (*Ой! Ә! Пәлі! Апыр-ай!*) беріледі. Сондай-ақ, басқа да синтаксистік бірліктердің де көмегі аңғарылады (*– Көсеген көгергір-ай!*).

4. Диалогтық сипат. Ауызекі сөйлеу стилі көбінесе диалог түрінде жүзеге асады. Диалогта қысқа сұрақ-жауаптар, репликалар, үзік-үзік сөйлемдер жиі кездеседі. Сөйлеушілер бірін-бірі толық түсінетіндіктен, сөйлемдер кейде толық құрылмай, сөздер түсіп қалуы мүмкін.

5. Көмекші сөздер мен қайталамалар. Ауызекі тілде ойды нақтылау немесе уақыт ұту үшін әртүрлі сөздер қайталанып немесе толымсыз сөйлемдер қолданылады. Мысалы: Сонымен..., *Қалай десем екен...*, *Білесің бе...*, *Айтпақшы...* деген қолданыстар сөйлеушінің ойын жинақтауға көмектеседі.

6. Диалектизмдер мен қарапайым сөздердің қолданылуы. Күнделікті қарым-қатынаста аймақтық ерекшеліктерге байланысты диалект сөздер мен қарапайым сөйлеу тіліне тән сөздер жиі қолданылады. Мысалы, *Көргенімше Жібекті тыным таппай, Мазасынан айырылды қайран жүрек (мазасы кетті) немесе әйтік (солдай болсын)* сияқты сөздер белгілі бір өңірлерде қолданылады.

7. Ым-ишара мен интонацияның маңызы. Ауызекі сөйлеу барысында сөзбен қатар ым-ишара, дауыс ырғағы, мимика үлкен рөл атқарады. Бір ғана сөз әртүрлі контексте әртүрлі мағына беруі мүмкін. Мысалы: *Қалай десем екен... Ол маған бақшия қарап, басын шайқады.*

8. Кенеттен өзгертін тақырыптық ауысулар. Сұхбат кезінде әңгіме тақырыбы жиі өзгеріп отырады. Сөйлеушілер ойды толық аяқтамай, басқа тақырыпқа ауысып кетуі мүмкін.

9. Көркемдік құралдардың көп қолданылуы. Ауызекі сөйлеуде теңеу, метафора, гипербола, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер жиі қолданылады. Бұл сөйлеуге бейнелілік пен әсерлілік береді. Зерттеу барысында ауызекі сөйлеу тілінің атаулы сөйлемдер арқылы осы ерекшеліктері танылатынына көз жеткіземіз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдердің ауызекі сөйлеу тіліндегі стильдік ерекшеліктерін анықтау жалпы тіл білімінің дамуына ықпал етеді. Ауызекі сөйлеу тілі негізінен көркем шығармада жиі ұшырасады. Автор кейіпкерлер арасында диалогтар жүргізу арқылы кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін, мінезін ашады. Осы тұста қолданылатын негізгі синтаксистік бірлік – атаулы сөйлем. Сондықтан негізгі зерттеу жүргізілетін иллюстративтік материалдар көркем шығармадан алынады.

Атаулы сөйлемдердің стильдік қызметін зерттеуде бірнеше тәсілдер қолданылады: контекстуалды талдау тәсілі, семантикалық талдау тәсілі, стилистикалық және құрылымдық ерекшеліктерді талдау тәсілдері, анализ, синтез, талдау, жинақтау әдістері. Бұл тәсілдер атаулы сөйлемдердің қазақ тілінің ауызекі сөйлеу стилінде алатын орнын, олардың ойды нақты әрі бейнелі жеткізудегі маңызын түсінуге көмектеседі. Тіл біліміндегі үнемдеу, ықшамадау заңдылықтарының синтаксис саласындағы көрінісі айқындалады. Мақалада атаулы сөйлемдердің осы қызметтерін зерттеу арқылы олардың стильдік ерекшеліктері тереңірек қарастырылады. Олардың көркем шығармадағы рөлі талданады.

Атаулы сөйлемдердің стильдік қызметін таныту барсында ғалым Р. Әміровтің ғылыми зерттеулерін, М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтардың еңбегін негізге алдық. Ауызекі сөйлеу стиліне байланысты мысалдар, яғни иллюстративтік материалдар жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясынан алынды. Көркем шығармадан келтірілген мысалдар талданып, ондағы атаулы сөйлемдердің атқаратын қызметтері анықталды.

НӘТИЖЕЛЕР

Тіл білімінде атаулы сөйлем – ерекше назар аударатын синтаксистік құрылымдық бірлік. Атаулы сөйлемдерді түркі тіл білімінде А. Кононов, Н. Дмитриев, Т. Бертагаев, А. Шахматова сынды ғалымдар сөз етсе, қазақ тіл білімінде С. Аманжолов, С. Жиенбаев, Ғ. Мадина, А. Әбілқасов, М. Серғалиев, М. Балақаев, Т. Сайрамбаев, Ж. Жакупов сияқты тағы да басқа ғалымдар зерттеу жүргізген. Бұрыннан бір негізді сөйлем ретінде танылып келген атаулы сөйлемнің тіл білімінде қалыптасқан төмендегідей түрлері белгілі:

1. Мекен атаулы сөйлем (Тау. Алматы. Ойын-сауық орталығы.);
2. Мезгіл атаулы сөйлем (Таң. Сәске түс. Түн ортасы.);
3. Зат атаулы сөйлем (Мөлдір бұлақ. Қарлы боран.).

Ал Р. Әміров – соңғы зерттеулерде атаулы сөйлемнің ерекше түрлерін, жасалу жолдарын жіктеп көрсеткен. Ғалым тілде сөйлемдер ылғи бастауыш-баяндауыштық қатынаста қолданыла бермейтіндігіне тоқталады. Тілімізде бұдан бөлек грамматикалық ерекшеліктері бар атаулы сөйлемдер болады дейді. Және атаулы сөйлемдерді құбылыстың, заттың атауы ретінде жұмсалатындығын, сондай-ақ атаулы сөйлемдерде басты қызметті негізгі мүше немесе тірек мүше атқаратындығын мысалдар арқылы дәлелдейді. Өзінің еңбегінде атаулы сөйлемді бір негізді сөйлем түріне жатқызды. Атаулы сөйлемді жұмсалуына қарай үш топқа бөлді:

1. Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлем;
2. Эмоциялы атаулы сөйлемдер;
3. Сөгіс, тілек мәндегі атаулы сөйлемдер.

Сонымен қатар, ғалым атаулы сөйлемнің бірнеше жасалу жолдарына тоқталады. [6, 102]. Атаулы сөйлемдерді зерттеуде түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасына жүгінетін болсақ, тілі білімінде ғалымдар Ж.Түймебаев, М.Ескеева, К.Конкобаевтың «Қазақ және қырғыз тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты еңбектері бар. Осы еңбекте қазақ тілі мен туыстас қырғыз тілдерінің грамматикалық жүйесі салыстырылған. Соның ішінде жай сөйлемдердің жіктелуінде және атаулы сөйлемдерге берген анықтамасында ұқсастықтар

бар: «Буюмдар жана заттар, мезгил жана жаратылыштағы ар түркүн кубулуштар жөнүндө айтылган айрым сөздөр, же сөздөрдүн айкашы атама сүйлөм деп аталат» [7, 301].

Демек, атаулы сөйлем дегеніміз – бір негізден жасалатын, негізгі мүшесі құбылыстың, заттың, іс-эрекеттің атауын білдіріп, сондай-ақ сол құбылысты, затты, іс-эрекетті сипаттап, эмоциялык, бағалаушылык мән үстейтін сөйлем.

Атаулы сөйлемнің осы сипатына қарай оған ықшамдық, жинақылық, эмоциялы-бағалаушылық, бейнелеушілік сияқты қасиеттер тән. Ал аталған қасиеттер функционалды стильдердің ішінде ауызекі сөйлеу стилінің негізгі белгілері екендігі белгілі. Күнделікті қарым-қатынаста атаулы сөйлемдерді жиі қолданамыз және біз оның атаулы сөйлем екендігіне мән бере бермейміз. Ауызекі сөйлеу стиліндегі атаулы сөйлемнің стилдік қызметін таныту үшін көркем шығармалардан алынған тілдік деректерге назар аударсақ:

1. 1) *«Тек Сүйеудің кемпірі екі шалдың ұрысқан кісідей үнсіз отырғандарын ұнатпай:*

– *Інілеріңнен хабар бар ма? – деп қонағына тіл қатты.*

– *Шүкір, хат келді.*

– *Түрік жерінде соғысып жүр дей ме? Сол рас па?*

– *Рас.*

– *Пақырлар-ай! «Кебенек кигеннен түңілме» деген. Бір күнгідей болмас, келіп қалар.*

– *Иә, тірі болғасын күдер үзбейсің ғой. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі...»*

– *Біз де баласын өсіріп жатырмыз»* [8, 427].

2)– *Төрт ат.*

–*Ойпырмай, жұбын жазбай қатар келеді.*

–*Әне, біреуі оза бастады.*

–*Озды, озды!*

–*Алды, алды!*

–*Жоқ ана бірі тағы бастырмалатты.*

–*Пай-пай, шіркін тұлпарлар-ай! (С.Жүнісов)*

Бұл мысалда берілген атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі атау тұлғалы зат есімнен жасалып, затты немесе құбылысты атауда эмоциялық реңктің басымдығын аңғартады. Алғашқы сөйлемнің семантикасы – белгілі бір адамға деген аяныш сезімін жеткізу. Автор *«Пақырлар-ай»* деген атаулы сөйлемді қолдану арқылы кейіпкердің күйінішін, аяныш сезімін, сағынышын, қайғысын жеткізген. Пақыр сөзінің мағынасы – кедей, тұрмыс жағдайы мүшкіл деген мағынаны береді. Бұл контексте сөйлеуші осы сөзді қолдану арқылы кейіпкердің әлеуметтік жағдайын сипаттап тұр. Коммуникациядағы атаулы сөйлемнің бұл жасалу жолы арқылы болмыстағы зат немесе құбылыс атауына сөйлеушінің эксперсивтік-эмоциялық пікірі мен субъективті көзқарасы үстемеленіп қолданылады.

2. 1) *«Кенжекей арқасындағы месті былқ еткізіп босағаға тастай салды да, Айғаншаның қолында бұл кезде, тіпті үні шықпай, қып-қызыл боп ықылық атып жатқан балаға ұмтылды:*

– *Сорлы-ай!.. Байғұс балам-ай!..»* [8, 396].

2) – *Әне Құлагер!*

–*Па, Құлагер шықты әне!*

–*Сабаздың маңғазын-ай!*

–*Тұрқыңа болайын! (С.Жүнісов)*

Бұл келтірілген контекстегі атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі сын есімнен болып, сөйлемде сын-сапаны, субъектіге тән эмоцияны білдіру мақсатында қолданылған. Атаулы сөйлем ауызекі сөйлеу стиліне тән сөйлеушінің эмоциясын білдіріп тұр. Және екінші бір субъектіге тән сын-сапаға бағалаушылық мән үстеліп тұр. Коммуникациядағы атаулы сөйлемнің негізгі қолданысы сөйлеушінің сөйлеу жағдаятында, сөйлеу үрдісіне қатысушылардың бәріне белгілі затқа не құбылысқа деген субъективті пікірін эмоциялы түрде жеткізу. Алғашқы келтірілген мысалдың семантикасынан – аяныш, қорлану, жаны ашу, шарасыздық, өкініш сынды бірқатар мағыналық реңктері байқалады. Сөйлеушінің

сөйлеу үрдісіне қатысушыларға белгілі адамға деген аяныш сезімі берілген. Сөйлеу тіліне тән қарапайым лексика қолданылған.

3. 1) *Бел-Аранның кезінен әрі асып, енді елсіз бұйратқа бет қойғасын түіе қара үзін алыстай, ұзай берді. – Арам қатқыр сары інген... Жамандатқыр сары інген! – деп, Кенжекей бір жығылып, бір тұрып жүгіріп келеді.*

2) *Сол кезде ортаңғы ақ үйден: – Құдайы құрғыр-ай! – деген әйел дауысы естілді. – Құйын келіп қалды. Түндік бауын тартып байла (Ә.Нұрпейісов)*

3) – *Жоқ болғыр. Қараң өшікір. Ерді бермедің деп ерегісіп жүрсің-ау. Мә-мә мынаны аласын! – деп, соңынан топырақ шашып, қолымды шығарып долдандым (О.Бөкей).*

4) – *Ойбой, жау алғыр қатындар! Әлі ырғалып-жырғалып, түк бітірмепсіңдер ғой –Еһ, не бітіруіміз керек, сен едің ендігі жетпегені (С.Жүнісов).*

Келтірілген мысалдарда атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі -ғыр/ -гір/ -қыр/ -кір жұрнақтарымен жасалған сын есім, контексте кейіпкердің сөгіс, қарғыс айту амалы ретінде жұмсалған. Соңғы берілген атаулы сөйлемнің семантикасы – сөйлеушінің адамды жақтырмай, ұнатпай қарыс айту әрекеті. Ауызекі сөйлеу стиліне тән эмоциялылық басым және күнделікті тұрмысқа сай лексика қолданылған. Кейіпкердің жек көру, ыза болу, жақтырмау сияқты эмоциялары көрініс берген. Атаулы сөйлемнің осы жасалу жолына негіз болып тұрған -ғыр/ -гір/ -қыр/ -кір жұрнақтары жайлы түрколог ғалым А.Н.Кононовтың мынадай пікірі бар: «Өзбек тіліндегі -ғир/ -ғур, -қир/ -қур || -қир/ -қур, -гир/ -гур аффикстерінің алғыс айту, тілек білдіру және жаман ниет немесе қарғыс айту үшін қолданылады. Мысалы, Бой булғир (Бай болғыр)!» [50, 206]. Яғни аталған қосымшаның тілдегі бір қызметі сөгіс, тілек, қарғыс айту сияқты мағынадағы сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жасау амалын орындау.

4. 1) *Қошеметшіл көптің ішінен Алдаберген софының ірі денесі көзге басқалардан бұрын түсті... Қамшы ұстаған қолымен бір бүйірін таянып, көп алдында тұмсығын көтере сөйлем тұр.*

–*Паһ, паһ!.. Мына жаманның жер бетіне сыймай тұрғанын-ай! – деді Сүйеу қарт (Ә.Нұрпейісов).*

2) *Әйелдер жағы жағасын ұстап, шегін тартты. Гу-гу жамырады.*

–*Астапыралла!*

–*Соншама азаптағаны-ай!*

–*Күйші қайнымды тірідей сорлатынпты ғой! (С.Сыматаев)*

Негізгі мүшесі (тұр – етістік, -ған – есімше, -ы – тәуелдік жалғауының III жағы, -н – табыс септігінің жалғауы, -ай – демеулік шылау) ған -ған/ -ген/ -қан/ -кен, -тын/ -тін тұлғалы есімшеден жасалған атаулы сөйлем іс-әрекет туралы пікірді эмоциялы түрде білдіруді мақсат етеді. Келтірілген мысалда кейіпкердің іс-әрекетке деген пікіріне эмоциялық реңк үстеу үшін автор атаулы сөйлемді қолданған, сонымен қатар ауызекі сөйлеу стиліне тән одағай сөздер де бұл контексте жұмсалған. Одағай сөздер атаулы сөйлемдердің эмоциялық бояуын одан әрі ашуға негіз болып тұр. Атаулы сөйлемде келесідей мағыналық реңктер байқалады: жақтырмау, менсінбеу, ұнатпау, жек көру, сын көзбен қарау.

5. 1) *Бір ауылдың бағлан мырзасын әп-сәтте оп-оңай қол балаға айналдырып, «саған лайығы сол» дегендей оны суға жұмсады да, өзі қайын атасын ертіп анадай жерде иіріліп тұрған көшке қарай бара жатты.*

– *Қап, мына түлкінің қорлығын-ай! – деді Әли. (Ә.Нұрпейісов).*

2) – *Ойбай-ай, мынаның зәбірін-ай! Мылтығыңды берші. (Ә.Нұрпейісов).*

3) *Маңдайдағы мөлдіреп-мөлдіреп тұрған таңғы шық секілді терді сұқ саусағымен сырып тастады да, борсып, сартаптанып жатқан қиды төрт бұрыштап алып аударып жатыр.*

– *Жарықтықтың исін-ай, – деді Серік қидың шетінен опырып алып иіскеп (О.Бөкей).*

Алғашқы атаулы сөйлемнің семантикасы – адамның әрекетіне деген сөйлеушінің жақтырмау, ыза болу сынды эмоционалды-экспрессивті көзқарасын білдіру. Атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі қор – түбірі, – лық сөзжасамдық жұрнақ, – ы тәуелдік

жалғауының III жағы, – н табыс септігінің жалғауы, -ай демеулік шылауы арқылы жасалған. Ауызекі сөйлеу тіліне тән бағалауыштық қасиеті анық байқалады. Автор кейіпкердің ішкі күйінішін жеткізуде қарапайым күнделікті тұрмыстағы сөздерді қолданған. Және атаулы сөйлемдер арқылы ой нақты, қысқа жұмсалып, құрылымы ықшамдалған. Бұл сөйлемде жұмсалған одағайдан ашулану, ыза болу, өкіну сияқты мағыналық реңктер айқындала түскен.

6. 1) *Онсыз да отын арқалап, жаны қиналып келгенде мына қыздың бет аузын долылық буып сазарып алған мекерлігі жынына тиген Қарақатын:*

–Ой, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедірейуін, – деп еді

–Өзіңнің бетің оңып тұрған шығар! – деді қыз (Ө.Нұрпейісов).

2) *Көк өзектің ар жағынан жіптіктей көтерілген жалғыз шаң құйындай ұшып келеді.*

–Мына жалғыз қараның суырылуын-ай!

–Пой, пой-ой, шабысына болайын.

–Бағы жанған қай ат екен? (С.Жүнісов)

Берілген тілдік деректерден атаулы сөйлемнің сөйлеушінің бір іс-әрекетке деген эмоциялық-бағалауыштық көзқарасының айқын берілгенін байқаймыз. Алғашқы келтірілген мысалда атаулы сөйлемнің екі жасалу жолы берілген. Бірі жоғарыда аталып өткен -ғыр/ -гір/ -қыр/ -кір жұрнақтары арқылы жасалған. Екіншісі, негізгі мүшесі тұйық етістіктен(бедірей – етістік, -у – тұйық етістіктің жұранғы, -і – тәуелдік жалғауының III жағы, -н – табыс септігінің жалғауы) болған атаулы сөйлем. Ауызекі сөйлеу стиліне тән негізгі белгілері: эмоциялылық, бағалауыштық, қарапайымдылық, ықшамдық. Келтірілген мысалдан келесідей мағыналық реңктерді байқаймыз: жақтырмау, кекету, ұнатпау, ыза болу, менсінбеу.

7. 1) *Ақбала қанды енді көрді.*

– Ух, құрысынышы. Итшілік өмір ғой – деп, енжар қимылмен астындағы алашаның шетін қайырып, әйнек тілген алақанын топыраққа басты да, қолымен жер тіреп отырып қалды.

2) – *Құрысынышы. Құрып қалсынышы бәрі, – деді Ақбала дүниеден түңіліп баз кешкендей болып.*

3) – *Керек. Бірақ есіңде юолсын... Жә, құрысынышы. Көзің жетсін, жүр, сөйлесіп көр.*

Көркем шығармадан алынған иллюстративті материалдардан атаулы сөйлемдердің келесі бір негізгі мүшесі - шы, - ші жұрнақтары арқылы жасалғанын аңғаруымызға болады. Мағыналық реңк – өкіну, шарасыздық.

Көріп отырғанымыздай, сұрыпталған атаулы сөйлемдер ауызекі сөйлеу стилінде қолданылып, эмоционалды және экспрессивтік ерекшеліктерімен айшықталатынын аңғарамыз. Қарым-қатынас жасау барысында, демек коммуникацияда адресанттың болған іс-әрекетке деген немесе оқиғаға деген, белгілі бір адамға деген көзқарасын эмоциялы түрде жеткізуде жиі қолданатындығын анықтадық. Сол сияқты жинақталған мысалдардан -ай демеулік шылауының да жиі жұмсалатындығын байқадық.

Негізінен демеуліктер ауызекі сөйлеу тілінде көңіл-күйді білдіру үшін, ой екпінін түсіру үшін мәнерлілік тудыру мақсатында жұмсалады.

ТАЛҚЫЛАУ

Жүргізілген талдау нәтижесінен атаулы сөйлемнің ауызекі сөйлеу тілінде эмоциялық пен ықшамдылықтың болуын қамтамасыз ететін синтаксистік бірлік екендігін байқадық. Негізінен ықшамдылық тіл білімінде жалпы тілдің құрылымдық жүйесінің барлық түріне ортақ болып келеді. Тілде күрделену заңымен қатар үнемдеу заңы қолданылатындығын ғалымдар дәлелдеген. Тілдегі үнемдеу заңдылығы соңғы жылдары басты зерттеу нысанына айналған. Бұл заңдылықтың негізін қалаған ғалымдар – ағылшын ғалымы Г. Спенсер, орыс ғалымдары И.А. Бодуэн де Куртенэ, В.А. Богороцкий, В.Д. Поливанов. Ал оны әрі қарай

көптеген тілшілер тілдің әр саласындағы ерекшеліктерін жеке бөліп қарастырған. Бұл заңдылық ағылшын тіл білімінде де тереңінен қамтылған. Ағылшын тілі білімінде «Linguistic economy» деген термин қолданылады, тілдің құрылымдық тиімділігі мен ықшамдылығын сипаттайтын ұғым [13]. Американың лингвистикасындағы үнемдеу заңдылығы (economy of expression) немесе қысқалық (brevity) туралы ғалым Голдштейн Лоуренстің «Brevity» атты еңбегінде қысқалықтың философиялық және лингвистикалық аспектілерін қарастырған, сондай-ақ оның тілдегі көріністерін талдаған [11]. Ал синтаксис саласындағы үнемдеу заңдылығы туралы Дэнни Фокстың «Үнемдеу және семантикалық интерпретация» еңбегінде синтаксис пен семантика арасындағы өзара байланыста үнемдеу принциптерінің рөлін зерттеген [12].

Тіл білімінде «үнемдеу заңдылығы» түрлі қырынан зерттелген. Орыс тіл білімінде бұл ұғымға алғашқылардың бірі болып Бодуэн де Куртенэ назар аударып, оны сөйлеу процесіндегі ықшамдалудың негізгі қағидаларының бірі ретінде қарастырады. Оның тұжырымдауынша, сөйлеу кезінде ықшамдалу қолайлылық пен бірізділікке негізделеді. Ол: а) дыбыстық өзгерістер мен ықшамдалулардың күрделіден қарапайымға бейімделуінде физиологиялық факторлардың ескерілетінін; ә) синтаксисте сөйлем мүшелерінің контекске байланысты түсіп қалуы арқылы ойдың нақтылықтан абстракцияға қарай ауысатынын атап өткен [9, 186]. Түркі тілдерінде сөздердің ықшамдалуы негізінен дыбыстардың түсіп қалуы және буындардың кірігуі арқылы жүзеге асатыны анықталған. Бұл мәселе В.В. Радлов, А. Самойлович, Н.А. Ашмарин, Ж. Дени, Ф. Катанов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, А. Котвич, Э.В. Севортян, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак сынды түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Қазақ тіл білімінде үнемдеу құбылысына А. Байтұрсынұлы, С. Аманжолов, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, М. Томанов, А. Ысқақов, М. Дүйсебаева, А. Айғабылов, С. Мырзабеков, С. Исаев, Ә. Ибатов, Ә. Қайдаров, Р. Сыздықова, Б. Сағындықұлы, Р. Әмір, Ә. Жүнісбеков, Н. Уәлиев сынды ғалымдар ерекше мән берген.

Үнемдеу заңдылығы дегеніміз – тілдік бірліктердің ықшамдануы, сөйлеу процесін жеңілдету, тілдегі нақтылықты қалыптастыру заңдылығы. Тілдің дыбыстық жүйесінде бұл заңдылық редукция мен элизия түрінде көрініс тапса, грамматикада сөздердің эллипсистенуі мен интеграция құбылыстары арқылы байқалады. Қысқартылған тілдік бірліктер айтылатын ойдың мағынасын бұзбайды. Тілдегі үнемдеу – адам ойы мен санасында қалыптасқан құбылыс. Ол қарым-қатынас кезінде сөйлеушінің энергиясын үнемдеп, ойды қысқа, бірақ мағыналық және мазмұндық жағынан бай етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тілдік ықшамдалу эмоцияны тиімді жеткізуге көмектесіп, сөйлеушінің қажеттілігіне қарай икемделеді. Бұл құбылысты өзіміз талдау жасаған ауызекі сөйлеу тілінде қолданылған атаулы сөйлемдерден байқадық. Себебі атаулы сөйлемдер бір негізді сөйлемдер тобына жатады және олар екі негізді сөйлемдердің ықшамдалған түрі ретінде қолданылады. Мәселен, тіл білімінде ерекше грамматикалық тұлға – синоним сөздер бар. Академик М Серғалив өзінің «Қазақ тіл білімінің антологиясы» еңбегінде синоним сөйлемдердің де болатындығын дәлелдейді. Ғалым: «Синтаксистік қатынастар бірыңғай және лексикалық құрамдары бірдей болғанда ғана, синтаксистік категориялардың синонимдігі туралы сөз қозғауға тура келеді. Міне, сондықтан *зейінділігінің арқасында жақсы оқиды және зейінділігінен жақсы оқиды* дейтін сөз тіркестері өзара синоним деп танылуы тиіс», – дейді [10, 20]. Ғалымның пікіріне сүйене отырып жоғарыда келтірілген мысалдардың ішінен бір атаулы сөйлемнің келесідей синонимдік вариантын беруге болады: «*Ой, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедірейуін, – деп еді*», «*Мына қыздың Ақбала ұқсап бедірейіп тұруын қарашы*». Немесе «*– Қап, мына тұлкінің қорлығын-ай! – деді Әли*», «*Сен мына тұлкінің қорлығын көрдің бе?*», «*Сен мына тұлкінің қорлығын қарашы*». Бұл мысалдан ойдың кеңейіп, толыға түскенін байқаймыз, ал атаулы сөйлем сол ойды ықшам, әрі нақты жеткізеді. Сонымен қатар, эмоциялық реңкінің де бәсеңдеуі байқалады. Ал бұл ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыс емес. Осы қасиеттеріне қарап атаулы сөйлемді ауызекі сөйлеу стилінің негізгі көрсеткіші, стилдік сипатын танытушы деп қарастырсақ болады.

Талдау барысында атаулы сөйлемнің тағы бір қасиеті эмоцияны жеткізу деп атадық. Сондай-ақ жоғарыда талдау жасалған мысалдардан одағай сөздер мен демеуліктердің жиі ұшырасатындығын байқайдық. Бұл атаулы сөйлемнің ауызекі сөйлеу стиліне тән эмоцияны күшейте түседі деп қарастырдық. Бірақ бізде мынадай мәселе туындауы мүмкін, атаулы сөйлемдер емес эмоцияны беріп тұратын одағай сөздер немесе демеуліктердің қызметі арқылы эмоция көрініс беріп тұр, сондықтан атаулы сөйлемдер одағай сөздерсіз, демеулік шылаусыз эмоцияны жеткізе алмайды. Бұндай ойдың тууы орынды, себебі, ауызекі сөйлеу тілінде атаулы сөйлемдердің құрамында көбінесе одағай сөздер, демеулік шылаулар қолданылады. Ең алдымен одағай сөздер мен демеулік шылаулардың қызметіне тоқталайық. Тіл білімінің морфология саласында қарастырылатын одағай сөздер мен демеулік шылаулардың ауызекі сөйлеу тілінде қызметі айтарлықтай. Одағай сөздер – адамның әртүрлі көңіл-күйін, сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды, эмоцияны, сондай-ақ шақыру мен еліктеу мәнін білдіретін сөздер. Олар сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді және сөйлем мүшесі қызметін атқармайды. Одағай сөздер ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылады және көркем әдебиетте кейіпкерлердің сезімін жеткізу үшін маңызды рөл атқарады. Келтірілген мысалдарда қолданылған одағай сөздер сөйлемнің динамикасын арттырып, эмоциялық реңкті күшейтіп тұр. Дегенмен бұл атаулы сөйлемдердің ауызекі сөйлеу тілінде эмоцияны білдіру үшін одағай сөздерге тәуелді дегенді білдірмейді. Мәселен, «– *Паһ, паһ!.. Мына жаманның жер бетіне сыймай тұрғанын-ай! – деді Сүйеу қарт*», «.. Мына жаманның жер бетіне сыймай тұрғанын».

Осы екі мысалды салыстырып қарасақ, алғашқы сөйлемде эмоциялық реңк басым екендігі байқалады, бірақ екінші атаулы сөйлемде эмоциялық реңк солғындау. Алғашқы сөйлем негізінен көркем шығармадан алынғандықтан, автор ойды әсерлі жеткізуде, оқырманның сезімін ояту мақсатында одағай сөздерді қолданып, диалогты жандандыра түскен, әйтсе де одағай сөздерсіз де сөйлемнің беретін мазмұны сақталған. Демек, ауызекі сөйлеу тілінде атаулы сөйлемдердің құрамында одағай сөздердің болуы басты шарт емес, одағай сөздерсіз де атаулы сөйлемдер ауызекі сөйлеу тіліне тән эмоцияны бере алады.

Ал демеулік шылауларға тоқталар болсақ, демеулік шылаулар – сөйлеушінің ойына қатысты түрлі реңктерді білдіретін, сөйлемнің мағынасын нақтылайтын, күшейтетін немесе жұмсартатын көмекші сөздер. Олар ауызекі сөйлеу тілінде ерекше рөл атқарады, өйткені әңгімелесушінің ойын анық жеткізуіне, эмоциясын білдіруіне, қарым-қатынасты реттеуге көмектеседі. Ауызекі сөйлеу тілінде демеулік шылаулар пікір алмасу барысында ойдың реңкін білдіру үшін белсенді қолданылады. Олар сөйлесудің табиғилығын арттырып, коммуникативті рөл атқарады. Бұл пірікті ғалым Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» берілген мындай анықтамамен дәлеледейміз: «Демеулік шылаулар – тіркескен сөздеріне қосымша мағына, реңк үстейтін немесе сөйлемге эмоционалды өң беретін шылаулар» [8, 86]. Осы қызметіне байланысты демеулік шылаулар атаулы сөйлемдерде ойдың ашыла түсуіне, нақтылана түсуіне және эмоциялық реңктің күшейе түсуіне жағдай жасайды. Бірақ демеулік шылаулар атаулы сөйлемдердің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылуының негізгі көрсеткіші емес. Мәселен, «*Ой, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедірейуін, – деп еді*», «– *Қап, мына түлкінің қорлығын-ай! – деді Әли*» немесе «– *Ойбай-ай, мынаның зәбірін-ай! Мылтығыңды берші*», «*Ойбай, мынаның зәбірін! Мылтығыңды берші*». Келтірілген мысалдарды салыстырып қарасақ, демеулік шылаулар сөйлемде эмоциялық реңкті күшейтіп тұрғандығын байқаймыз, ал демеулік шылаулар жоқ, немесе алынып тасталған сөйлемдерде эмоциялық реңк бар, тек оны байқау үшін сөйлемді айрықша екпінмен оқу қажет. Демек, демеулік шылаулардың болуы атаулы сөйлемнің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылуының негізгі шарты емес.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысындағы қорытындымыз: Ауызекі сөйлеу стиліндегі атаулы сөйлемдер – қарым-қатынастың тиімді әрі ыңғайлы құралы. Олар сөйлеушіге ойды тез әрі айқын

жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ эмоция мен әсерді күшейту арқылы диалогты жандандырады. Атаулы сөйлемдер сөйлеу тіліндегі экспрессивтілікті және ықшамдылықты қамтамасыз ететін маңызды элемент. Тілде екі негізді сөйлемдермен қатар қолданылып, синтаксистің үнемдеу заңына негіз болатын сөйлем. Осы зерттеу жұмысының барасында атаулы сөйлемнің коммуникацияға негіз болатын жай сөйлемнің негізгі түрі екендігін аңғардық. Ауызекі сөйлеу тілінде атаулы сөйлемнің құрамында одағай сөздер, демеулік шылаулардың қолданылуының негізгі шарттарын айқындадық.

Сонымен қатар атаулы сөйлемнің ауызекі сөйлеу стилін танытудағы бірнеше маңызды жақтарын байқадық. Біріншіден, экспрессивтілік пен эмоциялық басым болады. Ауызекі сөйлеу стилінде атаулы сөйлемдер тыңдаушыға белгілі бір сезім мен эмоцияны жеткізу үшін қолданылады. Бұл сөйлемдер нақты жағдайды немесе затты сипаттай отырып, оған белгілі бір көңіл-күйді, эмоциялық түрлі реңк үстейді. Бұл белгінің жазушы, қаламгерлер көркем шығармадағы кейіпкерлердің табиғатын, мінезін, көңіл-күйін аша түсу мақсатында шебер қолданады. Осы мақсатқа жету жолында атаулы сөйлемдермен қатар одағай сөздер, демеулік шылаулар жиі жұмсалады. Сонымен қатар атаулы сөйлемдер тыңдаушының назарын аударып, белгілі бір жағдайды әсерлі сипаттауға көмектеседі. Әсіресе, диалогтарда, ауызекі әңгімеде, көркем шығармалар мен публицистикалық мәтіндерде жиі кездеседі. Екіншіден, ойды қарапайым тілдік құрылыммен жеткізеді. Сөйлеушінің ойын ықшам, әрі түсінікті және нақты түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл тілдегі үнемдеу (ықшамдау) заңдылығына негізделеді. Ал ауызекі сөйлеу тіліндегі үнемдеу заңдылығы – қарым-қатынасты жеңілдететін, уақыт пен күшті үнемдейтін, сөйлесуді табиғи әрі тиімді ететін маңызды құбылыс. Ол тілдің икемділігін көрседі. Адамдар арасындағы байланысты жылдам әрі еркін жүргізуге мүмкіндік береді. Демек, атаулы сөйлемдер сөйлеу тілінің динамикасын күшейтіп, оны жандандыратын маңызды құрылымдар қатарына жатады. Атаулы сөйлемдер тілде жалпы жай сөйлемнің бір түрі ретінде мезгілді, мекенді, құбылысты атап тұратын сөйлем ретінде қарастырылып келді. Соңғы зерттеулерде атаулы сөйлемді жан-жақты қарастырып оның басқа да қырлары, белгілері ашылды. Атаулы сөйлемнің сөйлеу тіліндегі маңызы айқындалды. Құрылымдық-семантикалық тобына қарай атаулы сөйлемнің жасалуы, яғни коммуникативтік қатынасқа қызмет етуі, шығармадағы қолданысы әлі де зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1998. – 581 б.
- 3 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 237 б.
- 4 Ибрагимова Ж. Қазақ тіліндегі мүшеленбейтін сөйлемдер (Автореферат). – Қарағанды, 2008. – 24 б.
- 5 Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка. – Москва: Наука, 2008. – 451 б.
- 6 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 97 б.
- 7 Түймебаев Ж., Ескеева М., Конкобаев К.. Қазақ және қырғыз тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы – Қазақ университеті, Қазақ университеті, 2024. – 336 б.
- 8 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.
- 9 Baudouin de Courtenay, J., & Stankiewicz, E. (Ed. & Trans.). / A Baudouin de Courtenay anthology: The beginnings of structural linguistics. Bloomington: Indiana University Press, 1972.

- 10 Серғалиев М. Қазақ тіл білімінің антологиясы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 562 б.
- 11 Goldstein, Laurence. Brevity. Oxford: Oxford University Press, 2013. – 368 p.
- 12 Fox, Danny. Economy and Semantic Interpretation. Cambridge, MA: MIT Press, 2000. – 208 p.
- 13 Collins English Dictionary. 14th ed. London: HarperCollins, 2023.

Материал 05.04.2025 баспаға түсті

Функции назывных предложений в разговорном стиле речи

Р.Ж. Киякова¹, А.М. Коргау¹

¹Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Предложение – основной инструмент коммуникации. Особым видом предложения является назывное предложение. Назывное предложение – это тип предложения, передающий мысль лаконично и точно. Они широко используются в повседневной речи, так как позволяют кратко и ясно охарактеризовать ситуацию, пространство, время или явление. Это облегчает процесс общения, делая его быстрым и эффективным. Поэтому исследование их функции в разговорной речи является одной из актуальных задач современной лингвистики. Известно, что в художественной литературе разговорная речь передается через диалог. Диалог в художественном произведении – важный инструмент, развивающий сюжет, передающий взаимоотношения персонажей и выражающий авторскую идею. Он усиливает художественную выразительность произведения, помогает читателю глубже понять характер, чувства и мировоззрение персонажей. Через диалог раскрываются темперамент, мышление и эмоциональное состояние героя. Стилль его речи отражает социальный статус, уровень культуры, возраст и жизненный опыт. Для передачи этих характеристик в диалогах художественного произведения используются назывные предложения.

В статье определена роль назывных предложений в разговорном стиле, проанализированы их смысловые оттенки и функциональное значение. Рассмотрено их значение в передаче экспрессивности, эмоций и лаконичной передачи информации. Проведен анализ диалогов из художественных произведений, выявлены их смысловые особенности и место в разговорной речи.

Ключевые слова: разговорный стиль, назывное предложение, эмоциональность, образность, коммуникация, экспрессивность, диалог, контекстная коммуникация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Байтурсинов А. Языковое наследие. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 с.
- 2 Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – Алматы: Наука, 1998. – 581 с.
- 3 Балакаев М. Современный казахский язык: Синтаксис словосочетаний и простых предложений. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2006. – 237 с.
- 4 Ибрагимова Ж. Несегментированные предложения казахского языка (Автореферат). – Караганда, 2008. – 24 с.
- 5 Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка. – Москва: Наука, 2008. – 451 с.
- 6 Әміров Р. Синтаксис простого предложения. – Павлодар: ПМУ им. С.Торайғырова, 2010. – 97 с.
- 7 Түймебаев Ж., Ескеева М., Конкобаев К. Сопоставительная грамматика казахского и кыргызского языков. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 336 с.
- 8 Калиев Г. Толковый словарь терминов языкознания. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 с.

- 9 Baudouin de Courtenay, J., & Stankiewicz, E. (Ed. & Trans.). / A Baudouin de Courtenay anthology: The beginnings of structural linguistics. Bloomington: Indiana University Press, 1972.
- 10 Серғалиев М. Антология казахского языкознания. – Павлодар: ПМУ им. С.Торайғырова, 2010. – 562 с.
- 11 Goldstein, Laurence. Brevity. – Oxford: Oxford University Press, 2013. – 368 p.
- 12 Fox, Danny. Economy and Semantic Interpretation. – Cambridge, MA: MIT Press, 2000. – 208 p.
- 13 Collins English Dictionary. 14th ed. London: HarperCollins, 2023.

Материал поступил в редакцию журнала 05.04.2025

The functions of Nominal Sentences in Colloquial speech

R. Kiyakova¹, A. Korgau¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The sentence is the fundamental unit of communication, and among its various types, the naming or nominal sentence stands out for its precision and conciseness. A nominal sentence conveys meaning succinctly, often omitting a verb, and is widely used in everyday speech to briefly describe situations, settings, time, or phenomena. Its efficiency and clarity make it an essential component of spoken language, making the study of its functions particularly relevant in modern linguistics.

In literary texts, spoken language is primarily reflected through dialogue. Dialogue not only advances the plot and reveals character interactions but also conveys the author's intent. It enriches the artistic depth of the work and offers insights into the characters' emotions, values, and perspectives. A character's dialogue reflects their temperament, social status, cultural background, age, and life experience. Within this context, nominal sentences play a significant role in shaping character speech and contributing to the authenticity of dialogue.

This article explores the function of nominal sentences within the spoken style, analyzing their semantic nuances and communicative value. It highlights their importance in expressing emotional states, enhancing expressiveness, and delivering concise information. The study is based on the analysis of dialogues from literary works, identifying the various shades of meaning and functions that nominal sentences fulfill in representing natural spoken language.

Key words: spoken style, nominal sentence, emotionality, imagery, communication, expressiveness, dialogue, contextual communication.

REFERENCES

- 1 Baitursynuly, A. (1992). *Til tagylymy*. Ana tili.
- 2 Zhubanov, K. (1998). *Kazakh tili zhöinidegi zertteuler*. Nauka.
- 3 Balakaev, M. (2006). *Qazirzi qazakh tili: Söz tirkesi men zhaj söylem sintaksisi*. L.N. Gumilyov atyndagy EYU.
- 4 Ibragimova, Zh. (2008). *Qazakh tilindegi müşelenbeytin söylemder* [Abstract].
- 5 Kozhina, M. N., Duskayeva, L. R., & Salimovskij, V. A. (2008). *Stilistika russkogo jazyka*. Nauka.
- 6 Ämirov, R. (2010). *Jaj söylem sintaksisi*. S.Toraýgyrov atyndagy PMU.
- 7 Tuimebaev, Zh., Eskeeva, M., & Konkobaev, K. (2024). *Qazaq zhäne qyrgyz tilderiniñ salystyrmaly grammatikasy*. Qazaq universiteti.
- 8 Kaliev, G. (2005). *Til bilimi terminleriniñ túsindirme sózdígi*. Sozdik-Slovať.
- 9 Baudouin de Courtenay, J., & Stankiewicz, E. (Ed. & Trans.). (1972). *A Baudouin de Courtenay anthology: The beginnings of structural linguistics*. Indiana University Press.
- 10 Sergaliyev, M. (2010). *Qazakh til biliminiñ antologiyasy*. S.Toraýgyrov atyndagy PMU.
- 11 Goldstein, L. (2013). *Brevity*. Oxford University Press.

- 12 Fox, D. (2000). *Economy and Semantic Interpretation*. MIT Press.
13 *Collins English Dictionary* (14th ed.). (2023). HarperCollins.

Received: 05.04.2025

MFTAP 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp184-198](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp184-198)

Б.Ж. Курманова¹, Н.Ж. Құрман²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан Республикасы

²М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТІЛДІК ТАКТИКА МЕН ҚОҒАМДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Мәдениетаралық коммуникация – бүгінгі күні өзекті және дамып жатқан пәнаралық сипаты бар лингвистикалық бағыт. Мәдениетаралық сипаттағы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз және бұл бағыт бойынша шешуін күтіп жатқан мәселелер өте көп. Сондай мәселелердің бірі – ұлттық тілдік тактика мен ұлттық қоғамдық мінез-құлық. Ұлттық тілдік тактика мен ұлттық мінез құлық мәселелері лингвистика мен этнопсихологияда бөлек қарастырылып жүрген сұрақтар. Ал мәдениетаралық коммуникация аясында бұл мәселе тұтастықта зерттелген жоқ деп айта аламыз. Біз өз зерттеуімізде қазақ ұлттық тілдік тактикасы мен қоғамдық мінез-құлқын ұштастыра зерттеуге талпыныстар жасадық. Бұл зерттеудің өзектілігі айқын және бүгінгі күнгі маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады. Мақаламызда мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан қазақ халқының тілдік тактикасы мен қоғамдық мінез-құлқының ерекшеліктерін айқындауға талпындық. Мақсатқа сай теориялық материалдар талданды және зерттеу нысанына байланысты негізгі теориялық тұжырымдар жасалып, тәжірибелік бөлімнің құралы ретінде 2 сауалнама алу таңдалды. Сауалнамалардың мазмұны қойылған мақсатқа сай жасақталды, яғни қазақ халқының тілдік тактикасының бүгінгі күнгі сақталуын айқындау және де қазақ халқының қоғамдық мінез-құлқын қалыптастырушы әдет-ғұрып пен ырымдар, салттардың қазіргі қазақтар арасындағы рөлін анықтау болды.

Кілт сөздер: мәдениетаралық коммуникация, елтану, лингвомәдениеттану, тілдік тактика, сөйлеу мәдениеті, ұлттық қоғамдық мінез-құлық, салт-дәстүр, наным-сенімдер, ырым, әдет-ғұрып, этникалық стереотиптер.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тілдік тактика мәдениетаралық коммуникацияда орталық орын алады. Тілдік тактика – нақтыланған жағдаяттарда алға қойған мақсаттарға жету үшін қолданылатын сөйлеу тәсілі. Коммуникациядағы тілдік тактика коммуникативтік стратегияны жүзеге асыруға арналған құрал болып табылады. Сондықтан да стратегиялар сөйлеуші қойған мақсатына қарай сөйлесушіге әсер ету бағытын анықтап отырады да тактика арқылы тілдік құралдарды тиімді пайдалана отырып, өз ортасында қалыптасқан барлық нормаларды сақтау арқылы мақсатқа жетуді көздейді және сөйлеуді іске асырады. Аталған мәселені терең де нақты зерттеген сала мәдениетаралық коммуникация болып табылады. Мәдениетаралық коммуникация әртүрлі мәдениет өкілдерінің соның ішінде оның біреуінің өзге тілде сөйлейтінін ескере отырып, тілдік қарым-қатынасты тепе-тең жүргізуді алға тарта отырып, коммуникацияның табысты жүзеге асыруын қарастырады. Елдің ерекшелігін және оның тарихы мен мәдениетінің